

2005-2006 жылдары күзгі-қысқы аңшылықты ашу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 274 қаулысы. Маңғыстау облыстық Әділет департаментінде 2005 жылғы 14 қазанда N 1924 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 11 шілдедегі № 01-30-1018 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012.07.11 № 01-30-1018 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі N 593 Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға 2005 жылға арналған лимиттерді бекіту туралы" 2005 жылғы 19 наурыздағы N 253, "Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1469, "Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1458 қаулыларына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшада көрсетілген аумақта және мерзімде жабайы құстар мен терісі бағалы аңдарды күзгі-қысқы маусымдарда аулауға рұқсат етілсін.

2. Маңғыстау облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық басқармасына (келісім бойынша):

1) аңшылық шаруашылығын жүргізушілер арасында жабайы құстар мен терісі бағалы аңдарды аулау лимитін бөліп беру;

2) облыстың жабайы аңдарын қорғау мен өсімін молайтуды қамтамасыз ету;

3) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беруді ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Қалалар мен аудандардың әкімдеріне, облыстық ішкі істер департаментіне (келісім бойынша) сеніп тапсырылған аумақтарында заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамаларын сақтауына қатаң бақылау орнату ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Б. Керелбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы мемлекеттік тіркелген кезден бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Палымбетов

Маңғыстау

облысы

әкімдігінің

2005

жылғы

28

қыркүйекте

N 274 қаулысына қосымша

2005-2006 жылдары Маңғыстау облысындағы күзгі-қысқы аңшылық МЕРЗІМІ

N	Аң-құс түрлері	Мерзімі	Аумақ
1	Көгершін, кептерлер	2005 жылдың 15 қазаннан бастап 30 қарашаны қоса	Бостанқұм Қаратау тауы Голубая бухта Ащысор Теңіз жағалауы Қаражанбас Желтау-Көлеңкелі Қияқты
2	Үйректер, қаздар, сукұзғыны, Шәукілдек	2005ж. 15 қазаннан бастап 30 қарашаны қоса (жабайы үйректрге көктемгі аңшылық мерзімде 15 күнтізбелік күннен асырмай 2006 жылдың 1 наурыздан 10 мамырға дейінгі кезеңде рұқсат етіледі) 2005ж. 15 қазаннан бастап 30 қарашаны қоса (шәукілдіктерге аңшылық аң аулайтын иттердің тұқымымен 2006 жылдың 15 наурызынан бастап 10 мамырын қоса)	Бостанқұм Қаратау тауы Голубая бухта Ащысор Теңіз жағалауы Қаражанбас Желтау-Көлеңкелі Қияқты
3	Кекіліктер	2005 жылдың 15 қазаннан 30 қарашаны қоса	Бостанқұм Қаратау тауы Голубая бухта Ащысор Теңіз жағалауы Қаражанбас Желтау-Көлеңкелі Қияқты
4	Түлкі, қарсақтар	2005 жылғы 1 қарашадан бастап 2006 жылғы 15 ақпанын қоса	Бостанқұм Қаратау тауы Голубая бухта Ащысор Теңіз жағалауы Қаражанбас Желтау-Көлеңкелі Қияқты
5	Қоян	2005 жылғы 1 қарашадан бастап 2006 жылғы 15 ақпанын қоса	Бостанқұм Қаратау тауы Голубая бухта Ащысор Теңіз жағалауы Қаражанбас Желтау-Көлеңкелі Қияқты
6	Қабан	2005 жылдың 15 қазаннан 31 желтоқсанды қоса	Желтау-Көлеңкелі
7	Қасқыр шиебөрі	жыл бойы	Қаратау тауы Голубая бухта Ащысор Теңіз жағалауы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК